

МРНТИ 78.07
ВАК17.00.02

<https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-19>

Қ.Б. Жалғасбаева¹, А.Е. Қусанова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹kanagat.1980@mail.ru, ²a.kussanova@gmail.com;

ORCID: ¹0000-0002-9482-4400, ²0000-0001-7353-5215

«СЕРІЛЕР САЛТАНАТЫ» ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ӘДЕБИ КӨРІНІСТІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Аңдатпа. Барлық әлемде әсем саз ырғағымен дөңгелене билегенге, қимыл-қозғалыстың сәт сайын көз сүріндірер ғажап құбылыстарына қызыға қарамау мүмкін емес. Өнерде би жанрының алатын орны айрықша. Қазақстан хореография өнері дамуында ұлттық хореографиялық қойылым – «Серілер салтанаты» ерекше құбылысқа айналды. Жас балетмейстерлердің шығармашылығынан ежелгі қазақ мәдениеті мен ұлттық философияны жаңғыртатын, бірегей би қимылдары мен заманауи шешімін тапқан, ұтымды хореографиялық ойларды байқауға болады. Жалпы, «сал» және «сері» сөзі екі түрлі адамды сипаттайды. Бірақ қойылымда екі бейне бірге бейнеленеді. Қойылым қазақ ауылына сал-серілердің келуін, тойды, аламан өнер жарысын әсем қимылдармен өрнектейді. Аталмыш мақалада қазақ ұғымына сіңген «сал», «сері» атауларының мәнін ашу, олардың әдебиет саласындағы фольклор әлемімен байланысын сипаттау, халықтың рухы, салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі көрініс тапқан ұлттық дәстүрдің құдіреттілігін айқындау, сонымен қатар отандық балетмейстерлердің шығармашылығы мен өзіндік қолтаңбаларына салыстырмалы түрде талдау жасау мәселелері қамтылған. Мақалада бишінің әсем қимылы, сәнді ырғағы жарасымдылықпен жарқырап көрінетін билеу мәнері, бидің ұлттық-әдеби көріністе алатын орны мен рухани үндестігінің өзіндік ерекшеліктері талданды. Жүргізілген зерттеудің негізінде автор тарапынан көрерменді ғаламат сұлулыққа жетелеп, музыка сазымен көңіл-күйдің барлық сәттерін би компоненттеріне сыйғыза білу дағдысы қарастырылады, сал-серілердің жүріс-тұрысы мен қимылдары, олардың ерекше киім киісі мен дарындарының би қойылымында өзіндік философиялық мағынаға ие болып, айрықша ерлер би қимылдарымен бейнеленуі ұсынылады, сал-серілердің бейнесі бимен өрнектеліп, айтыс өнері, музыкалық және спорт өнерлері, сал-серілерге деген қазақ қыздарының құрметі ұлттық бояумен дәлелденеді, ұлттық хореография өнеріне жана серпін әкеліп, бірегей қойылымдарымен ерекшеленіп, өнер тарихының жаңа белесіне жол ашқан жас хореографтар Анвара Садықова мен Алмат Шамшиевтің шығармашылық ізденістері тұжырымдалады, театр репертуарындағы ұлттық қойылым – «Серілер салтанаты» хореографиялық қойылымының жаңа интерпретациялық бейнесі көрсетіліп, шығармашылық саладағы өзектілігі айқындалады.

Кілт сөздер: Ұлттық дәстүр, сал-сері, хореография өнері, балетмейстер, театр, фольклор.

Қ.Б. Жалғасбаева¹, А.Е. Қусанова²

¹ Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

E-mail: kanagat.1980@mail.ru¹, a.kussanova@gmail.com²;

ORCID: 0000-0002-9482-4400¹, 0000-0001-7353-5215²

Представление национально-литературной сцены в хореографической постановке «Серілер Салтанаты»

Аннотация. Во всем мире невозможно не смотреть с интересом на танцы в кругу в ритме прекрасной музыки, на удивительные явления движения, которые каждое мгновение бросаются в глаза. Жанр танца

занимает особое место в искусстве. В развитии хореографического искусства Казахстана особым явлением стал национальный хореографический спектакль – балет «Серилер салтанаты». В творчестве молодых балетмейстеров можно увидеть рациональные хореографические идеи, возрождающие древнюю казахскую культуру и национальную философию, обретающие уникальные танцевальные движения и современные решения. Вообще слова «сал» и «сери» описывают двух разных людей. Но в спектакле два термина показаны вместе. В спектакле изображены прибытие сал-сери в казахское село, застолье, конкурс народного творчества с красивыми движениями. В данной статье раскрывается значение слов «сал» и «сери», заложенное в казахском понятии, описывается их связь с миром фольклора в области литературы, определяется сила национальной традиции, которая отражает дух, обычаи и жизнь народа, а также сравнительный анализ творческих отечественных балетмейстеров. В статье проанализированы изящные движения танцора, стиль танца, в котором изящный ритм сияет гармонией, место танца в национально-литературной сцене и особенности духовной гармонии. На основе исследования автор рассматривает возможность привести зрителя к вселенной красоте и вместить все моменты настроения в танцевальные компоненты с помощью ритмичной музыки, поведение и движения сал-сери, их особая одежда и таланты имеют собственное философское значение в танцевальном представлении и представлены в уникальных мужских танцевальных движениях, образ сал-сери украшен танцами, айтыским искусством, музыкой и спортом, уважение казахских девушек для сал-сери подтверждается национальной краской, формулируются творческие поиски молодых хореографов Анвары Садыковой и Алмата Шамшиева, придавшие новый импульс искусству национальной хореографии, отличались уникальными выступлениями и открывали путь к новому знаку истории искусства, определяется актуальность в творческой сфере национального спектакля в театральном репертуаре – «Серилер салтанаты» показывающий новый интерпретационный образ балета.

Ключевые слова: национальная традиция, сал-сери, хореографическое искусство, балетмейстер, театр, фольклор

K.B. Zhalgasbayeva¹, A.E. Kusanova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*² Kazakh national women's teacher training university,
Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: kanagat.1980@mail.ru¹, a.kusanova@gmail.com²,
ORCID:0000-0002-9482-4400¹, 0000-0001-7353-5215²*

Introducing the national literary scene in the choreographic performance «Seriler Saltanaty»

Abstract. Throughout the world, it is impossible to simply look at the beautiful musical rhythm, the wonderful phenomena of movement that catch one's eye every moment. The genre of dance occupies a special place in art. In the development of choreographic art of Kazakhstan a special phenomenon is the national choreographic production – «Seriler Saltanaty». In the works of young choreographers one can see rational choreographic ideas reviving ancient Kazakh culture and national philosophy, acquiring unique dance movements and modern solutions. The concept of the words «sal» and «seri» describe two different people. But in the play the two terms are shown together. The play depicts the arrival of sal-seri in a Kazakh village, a feast, a folk art contest with beautiful movements. The article reveals the meaning of the words «sal» and «seri» embedded in the Kazakh concept, describes their connection with the world of folklore in the field of literature, determines the strength of the national tradition, which reflects the spirit, customs and life of the people, as well as a comparative analysis of the works of domestic ballet masters. The article analyses the dancer's movements, the style of dance in which the rhythm shines with harmony, the place of dance in the national-literary scene, and the characteristics of spiritual harmony. On the basis of the research, the author considers the possibility of leading the spectator to the magnificent beauty and including all the moments of mood in the dance components with the help of rhythmic music, the behaviour and movements of sal-seri, their special clothing and talents have their own philosophical significance in the dance performance and are represented in unique male dance

movements, the image of sal-seri is decorated with dances, aytys art, music and sports, Respect of Kazakh girls for Sal-seri is confirmed by national colouring, formulated creative search of young choreographers Anvara Sadykova and Almat Shamshiev, who gave a new impulse to the art of national choreography, distinguished by unique performances and opened the way to a new sign of art history, determined the relevance in the creative sphere of national performance in the theatre repertoire - "Seriler Saltanaty" shows a new interpretive image of choreographic staging.

Keywords: national tradition, sal-seri, choreographic art, ballet master, theatre, folklore

1. Кіріспе

Қазақтың сайын даласы әр дәуірде ән мен күй, би өнерімен біте қайнасып жатқаны мәлім. Ғасырлар бойы қазақ халқы тамаша табиғи тума таланттар ретінде танымал болды. Музыка – дала өмірін әсем күйге бөледі, тал бесіктен жер бесікке дейін ән мен жыр толастамады. Соның ішінде би өнері, қазақтың ұлттық биі де дамудан кенде қалмады.

Сонымен қатар дала жұртшылығының өмірі ән мен жырмен қатар, бимен де көмкерілді. Қазақ халқының билерінде дала өмірі суреттелді, әсіресе халық көп жиналатын той мен аса маңызды оқиғаларға орай ұйымдастырылған мерекелер мен жиындарда айтыс секілді аламан дүбір театрландырылған қойылымдармен сүйемелденді. Кейін би өз алдына дербес өнер ретінде айшықты орынға ие болды. Қазақ халқы бидің мазмұнын өмірден алды, онда қоршаған ортаны эстетикалық қабылдау, еңбек процестері, түрлі жандардың мінезі көрініс тапты. Биді қою үшін ұлттық ойындардан, әдет-ғұрыптар мен еңбек процестерінен биде көрсетуге ыңғайлы нақты тақырыптарды таңдады. Оның ішінде «Қыз қуу» ойынын ерекшелеп өтуге болады. Ұлттық ат спорт ойынындағы әдемі ғұрыпты, биде көркем көрсетеді. Шабандос қыз бен жігіттің ат үстіндегі спорттық жарысын би қимылдары арқылы ерекше дәріптейді.

Қазақтың даласының көркі тек ұлттық ойындар мен айтыс емес, сал-серілер болғаны етенеден белгілі. Әр ауылға серілердің келуі дүйім жұртты елең еткізетін жаңалық болғаны анық. Жан-жағына қаумалаған қалың топты жинап, салтанаты жарасқан серілер өз дәуірінің баға жетпес қазынасы десек артық емес. Өн бойына көркем мінезді серік етіп, жеті қазынаның барлығын қол астына жиып, өнерімен сүйіндірген серілердің салтанаты әркез қызықты. Сері болу серілік құру емес, сегіз қырлы, бір сырлылығымен, қылыштай қиып түсер кесімімен, өнерге деген сүйіспеншілігімен мәлім болған.

Би дәстүрін жаңғыртып, би қоюшылардың серілердің өмірін, салтанатын таңдап алуы да кездейсоқтық емес. Бүгінгі күні қазақ биі түрлі бағытта, әртүрлі стильде қарқынды дамып жатыр. Десе де қазақ биінің ұлттық нақышта, өзіндік ерекшелігімен таң қалдыратын, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра алатындығы ғасырлар бойы өзектілігін жоғалтпай келеді. Ақиқатында заман ағымына сай өнер әлемі де түрленіп келеді. Демек халық өнері – дәстүрлі мәдениет, ол жас ұрпақ үшін қашанда маңызды. Билердегі мазмұнды өмірмен байланыстыратын қазақ халқының би дәстүрін зерттеу әркез өзекті. Осы орайда «Серілер салтанаты» би қойылымын терең зерттеу арқылы қазақ даласында, ұлттық бояуда маңызды рөлге ие сал-серілер мәдениетін жан-жақты қарастыру мүмкін. Демек бұл мүмкіндік тақырыптың өзектілігін айшықтай түседі.

Даланың еркін өнерін ту еткен, табиғаты бөлек ұлттық би өнерінің ерекшелігін танытатын «Серілер салтанаты» би қойылымының мәні мен мағынасын талдау ұлттық би дәстүрін зерттеуде үлкен мәнге ие. Себебі бұл жұмыстарды саралау арқылы қазақтың ұлттық этно-ерекшеліктерін би өнерінен көрініс тапқан ұлттық келбетімен байланыстыруға болады. Тиісінше «Серілер салтанаты» би қойылымының табиғатын анықтау арқылы ұлттық би өнерінің мәні артып, сахналық би қойылымының мақсаты айқындалады. Қазақ халқының би қойылымы мазмұнының тереңдігі мен салмағын «Серілер салтанаты» хореографиялық қойылымының мазмұны арқылы сипаттауға жол ашады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Қазақ халық биінің даму жолына көптеген орыс, еуропа саяхатшылары және отандық зерттеушілер Л. Сарынова, Д. Әбіров, Ш. Жиенқұлова, О. Всеволодская-Голушкевич, І. Омаров, Ө. Жәнібеков, Т. Ізім, А. Кульбекова, Қ. Айтқалиева, А.Б. Шанкибаева, А.Т. Молдахметова т.б. зерттеген. Өнер саласында еңбек еткен Д. Әбіров «Қазақ биінің кәсіби сахнада қалыптасуы мен дамуы» туралы кандидаттық диссертациясында қазақтың би өнері жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірнеше монографиясын (Ә. Исмайлловпен бірге «Қазақтың халық билері», 1961; «История казахского танца». – Алматы: Санат, 1997 және т.б.) жазып қалдырды. Би өнері саңлағының ол еңбектері қазіргі таңда қазақ биі әдіснамасының негізін қалады. Осы орайда, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Хореография және АРТ менеджмент» кафедрасы жыл сайын «Абиров әлемі» жобасы аясында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырып, қазақ халық биінің ғылыми зерттеулеріне арқау болуда.

Ғалымдар өз еңбектерінде би өнері адамның ішкі дүниесін байытып, жанын тазартатын құдіретті өнер деп сипаттайды. Қай кезде де әсем саз ырғағымен дөңгелене билегенге, қимыл-қозғалыстың сәт сайын көз сүріндірер ғажап құбылыстарына қызыға қарамау мүмкін емес. Ал би жанрының өнерде алатын орны ерекше. Бұл қиын да күрделі саланың бір ерекшелігі аса нәзіктікті талап ететіндігінде. Бишінің әсем қимылы, сәнді ырғағы жарасымдылықпен жарқырап көрінетін билеу тұстары көрермендер жүрегіне әсер етпей қоймаса керек. Көрерменді ғаламат сұлулыққа жетелеу, музыка сазымен көңіл күйдің барлық сәттерін би компоненттеріне сыйғыза білу шынайы дарындының ғана қолынан келмек. Міне, сондай дарын иелері Анвара Садықова мен Алмат Шамшиевтің еңбектерінің арқасында осындай қысқа мерзімде елімізде сахналық ұлттық би кең қанат жайды. Другой танец был создан по произведению фольклорно-этнографического ансамбля «Хассак» – «Серілер салтанаты». Хореографы постарались воспроизвести в нем народные игры, айтыс и продемонстрировать торжество импровизации, которым владели «сери» и «сал» – степные менестрели, бывшие искусными в музыкальном, ораторском, цирковом искусстве, дрессуре коней. «Сери» и «сал» кочевали по аулам и устраивали зрелищные представления, про них можно сказать, что они стояли у истоков музыкально-театрального искусства казахов. Уникальное явление сэри и сал прекрасно описано в романе «Путь Абая» Мухтара Ауэзова на примере Биржана-

сал (Ященко П.2020). Аталған тұжырымдама «Серілер салтанаты» хореографиялық қойылымның ерекшелігі әлемге әйгілі Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы оқиғалардың көрініс табуының өзі өте үлкен жоғары деңгейдегі қойылым екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, «Біржансал» бейнесі арқылы сал-серілердің салт-дәстүрі барлық қырынан тамаша сипатталғанын баяндайды.

2.2 Материалға сипаттама

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» Қазақстан хореография өнері жаңа белесінің көрінісі ұлттық би өнерін жаңаша жаңғыртып, ұлттық мәдениетті әлемдік деңгейдегі дәріптеуші ретінде көптеген жұмыстар атқаруда. Аталған ұжымның басты мақсаты – ұлттық би өнерін әлемдік деңгейге көтеру, жаңа ұлттық қойылымдар арқылы ұлы даланың тыныс-тіршілігінен, тың тарихынан сыр шерту. Аталған оқу орны осы мақсатын сәтті орындап келеді. 2016 жылы Қазақ ұлттық хореография академиясы көп деңгейлі кәсіби хореографиялық білім берудің толық циклы бар Орталық Азиядағы алғашқы жоғары оқу орны болып ашылған болатын. Академияға елімізден және шет елдерден мықты, іскер хореографтарды, балетмейстерлерді жинады. Бірақ, бұл мәселемен біздің хореографиядағы ұлттық деңгейіміз ашыла қоймады,- дейді Тани Айсұлу Бақытқызымен Жумасеитова Гульнара Тазабековна. «В этом, несомненно, есть множество положительных моментов: ознакомление наших театров с новой стилистикой, хореографическим языком, расширение репертуара, развитие дальнейшего сотрудничества и приобретение нового опыта нашими деятелями культуры. При этом, в данном, несколько одностороннем сотрудничестве не учтён самый большой минус: отечественные молодые кадры не имеют возможности пробовать свои силы не только на больших сценах мира, но и внутри своей страны. Отсюда вытекает, что у молодежи нет опыта, нет навыков и нет удачных постановок. Так замыкается круг. Мы не растим свои кадры, а постоянно надеемся на приглашенных постановщиков. Необходимо констатировать и тот факт, что до сегодняшнего дня, ни один из приглашенных балетмейстеров не смог претворить хороший балет на национальную тему». (Тани, Жумасеитова, 2022:322) Бұл мамандардың айтып отырғаны өте орынды. Себебі, сырт жақтан шақырылған балетмейстерлердің ешқайсысы ұлттық тақырыпта би қоя алмайтыны анық. Сол үшінде қазақтың дәстүрін бойына сіңіріп өскен жас балетмейстерлер А. Садыкова мен А. Шәмшиев сынды жас мамандарды көбірек мүмкіндік берілуі қажет.

«Серілер салтанаты» биі жас балетмейстерлер А. Садыкова мен А. Шәмшиевтің қойылымы болатын. 1991 жылдан бастап өткізіліп келе жатқан Ш. Жиенқұлова атындағы Республикалық би-байқауында 2019 жылы «Серілер салтанаты» биі лайықты түрде Гран-приі жүлдесін иеленді. Жас хореографтар Анвара Садыкова мен Алмат Шамшиев «Серілер салтанаты» би қойылымы қазылар алқасы мен көрермендердің жүрегінде ерекше орын алды. «Серілер салтанаты» би қойылымы қызықты және талантты хореографиялық композиция қойылымы деп мақтанышпен айтқан болатын. (Беседовала Н.Г. 2019) В частности, ажиотаж вызвала премьера номера Казахской национальной академии хореографии «Серілер салтанаты» в постановке Анвары Садыковой и Алмата Шамшиева. Танцоры с накинутыми поверх костюмов настоящими шкурами медведей и волков привели зрителей и жюри в

восторг. В итоге номер получил Гран-при. К слову, известный танец «Қара жорға», который был возрожден уже в наше время, подражает движениям коней-иноходцев. Вообще, как отмечают эксперты, национальный казахский танец в XX веке был заштампован. И лишь сейчас раскрывает свою подлинную красоту (Исаев, 2019).

Анвара Садықовамен Шәмшиев Алматы Шердарұлы Қазақ ұлттық хореография академиясының жас хореограф ұстаздары. Жас педагог-хореограф Шәмшиев Алматы Шердарұлы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, хореография бакалаврын бітіріп, Қазақ ұлттық өнер университеті, өнертану магистрі және де осы аталған оқу орнының докторанты атанды. Бүгінгі таңда Қазақ ұлттық хореография академиясында қызмет жасайды. Астана Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасы марапатталған білікті ұстаз. Алматы Шердарұлынан осы жұмысты зерттеу барысында арнайы сұхбат алған болатынымын. Бұл қойылым хореографияда тұнғыш рет екі адамның бірігіп қойған би қойылымы екенін айтады. Ең бірінші бұл жұмысты Анвара Ариповнаға тапсырылған болса керек, Анвара ханым жанына Алматы мырзаны да бекітуге ұсыныс тастайды. Осылайша, бірігіп қойған ең алғашқы туындымыз сәтті болды. Қазіргі таңда, бірігіп қойған онға жуық биіміз бар. Мақсатымыз, қазақ биін жаңаша дамыту. Әрине, оның ішіндегі қимыл қозғалыстар Ш.Жиенқұлова, Д.Әбировтердің енгізіп кеткен әдістемелерін кітап бетінде қалдырмай, болашақ хореографтардың тұлғалық сауаттылығын қалыптастыру.

«Серілер салтанаты» би қойылымындағы басты ерекшелік, сахнаға әр түрлі жануарлар кейіпінде маска киіп шығу, би жанрында бұрын - сонды болмаған - деген пікірді айтады. Әрине, оброзды би арқылы көрсеткенімен әр түрлі маскалармен, қазақи ұлттық киімдерді ауыстырып, түрлендіру бидегі алғашқы тәжірибе деп айта аламыз. Би қойылу барысында бізді музыка жетелеп отырды. Әуенді қалай тыңдаймын, сол әуен жетелеп бір оброзды бір бейнені сомдап елестеткізеді. «Hassak» фольклорлы-этнографиялық тобының репертуарынан алынған музыканы тыңдаған кезде Анвара Ариповна екеуіміздің ойымыз бір жерден шығып, ойымыз жаңаша көзқараста болды. Сонымен қатар, Анвара Ариповнаның диссертациялық зерттеу жұмысындағы «серілер» туралы ақпараты арқау болып, «Серілер салтанаты» би қойылымы өмірге келді. Негізінде бидің тақырыбын нақтылап берген Қазақстанға танымал биші, балетмейстер, хореограф, қоюшы-режиссер, «Астана балет» театрының балет педагогы, өнертану доценті Айгул Абикенқызы Тати. Біз бұл бидің қойылымын қоймастан бұрын көп ізденісте болдық. Жалпы, хореографтардың бірігіп бір жұмысты алуы өте сирек кездеседі. Себебі, ойлары бір жерден шықпай келіспеушілікке алып келуі мүмкін. Ал бізде керісінше, бірақ стиліміз екі түрлі бағытты қамтиды. Анвара Ариповнаның стилі көбінесе стелизация, модернизация, нео секілді жаңаша әдістер қолданса, менде қазақ халқына тән ұлттық болмыс табиғатыма жақын. Осылайша, екі түрлі әдісті бір шығармаға бағыттау, би қойылымын көркемдей түсті. Би қимылдарын бір-бірімізбен талқылай келе, жер шоқтығы Көкшетау өңірінен шыққан сал-серілеріміздің өмірі туралы кинофильмдегі кейбір сәттерді бидің қойылымына арқау еттік. Ондағы сал-серілердің салт-дәстүрге сай ұлттық әдемі киім-киісін, ерке кербез жүріс-тұрысын, және де табиғатқа шығып саятшылық құрған сәттегі

қиқулаған аққудың дыбысы, аю мен қасқырдың бейнесін би қойылымына сахналау үлкен еңбекті қажет етті. Тағы тоқталатын мәселе, біз жалпы сал-серілер деп бірге айтылғанымен «сал» мен «сері» атауларының түсініктерінің мағынасы жағынан бөлек екенін аңғардық. Сонымен қатар, тарихта өз іздерін қалдырған «Біржан сал», «Ақан сері», «Сегіз сері», «Жаяу Мұса» сынды өнерпаздардың қазіргі уақыттағы түрлі жанрға бөлінген өнер саласындағы мамандықтардың барлық қасиеттерді «сал-серілеріміздің» бойларынан табылғандығы бізге ерекше әсер қалдырды. Қазақ халқы сал-серілеріміздің аяқтарын жерге тигізбей кілемшеге отырғызып үнемі сый-құрметте жүретін сәттерінің барлығын қойылымда көрсетуге тырыстық. Олардың қасында қыздарымыздың наз күлкісі мен әсем бейнелері ерекше сән бере түсті. Би қойылымында қыздарымыз қолдарына ұлттық шапандарымызды көтеріп шыққан сәтін, қазақтың ұлттық құрақ кілемнің де бейнесін сомдағымыз келді. Би – төрт жарым, бес минут болса да, осының барлығын әр түрлі трюктер мен әдістерді пайдалана отырып, барлық ұлттық дәстүрімізді көрсетуге тырыстық. Ең бірінші бұл қойылымды Академияның студенттеріне қойдық, қазіргі таңда «Астана балет» әртістері орындайды.

Қазақ ұлттық хореография академиясында қазақ биін зерттеу лабораториясы жұмыс жасайды. Тойған Оспанова ізін бастаған құрамда Айгүл Кеңесова, Айгүл Тати, Анвара Алипова және Алмат Шердарұлы қазақ биіне қатысты барлық қимылдарды зерттеп, зерделеп, қимылдардың барлығын жүйеге келтіру жұмыстары атқарылуда.

Анвара Садықова 2017 жылдан бастап Астанадағы Қазақ ұлттық хореография академиясында жұмыс істейді. Ұлттық би өнерін насихаттап, қазақ биінің дамуына үлес қосып жүрген педагог-хореограф. Ол өзінің берген сұхбатында былай дейді: ХХІ ғасырдың адамы болғандықтан әлем қайда талпыныс жасап жатқанын қаласам да, қаламасам да көремін, қабылдаймын. Сонымен бірге мен шәкірттеріміздің, еліміздегі жастардың ұлттық биге қызыққанын қалаймын. Сондықтан олармен қазіргі заманғы, оларға түсінікті тілмен сөйлескім келеді. Қазақ неохореографиясын үйретіп, әр қимылдың мағынасын түсіндіргенде шәкірттерім қызыға түседі. «Солай ма, тарихта осындай жағдайлар болды ма? Біздің мағынасы терең, жан-жақты дәстүріміз бар екен ғой?» – деп таңданып жатады. Олардың қызыққанын көріп, ерекше бақытты болып кетемін, шәкірттеріміздің көзі ашылып жатқанына қуанамын. Мен қазіргі заман композиторларының әуеніне ғана би қоймаймын. Бір кездері «Тұран» этно-фольклорлық ансамблімен жұмыс істей бастадым. Сонда байқағаным – ұлттық аспапта ойналатын әуенмен қазақ неохореографиясының арасында диссонанс жоқ, керісінше, үндестік бар. Егер мен қазақ биіне оған тән емес қимыл қоссам, қазақ неохореографиясы ұлттық музыкамен үндестікте болмас еді. Мұны өзім ғана байқамаймын, ұстаздарым, әріптестерім, қазақ және шетел көрермені байқап, бағасын беріп жүр. Хореографтың айтуынша, енді ол өз күшін «Астана Балет» театрында сынап көрмек. (Сақтан, 2019) Қазақ ұлттық хореография академиясы студенттеріне арналып қойылған қойылымның премьерасы өткеннен кейін «Астана балет» театры әртістеріне қоюға ұсыныс түседі.

«Серілер салтанаты» би қойылымының музыкасы «Hassak» фольклорлы-этнографиялық тобының репертуарынан алынған. Бұл ұжым бұған дейін «Сак» деген

атаумен танылса, қазір «Хассак» деп аталады. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, «қазақ» сөзі дәл осы ежелгі «хассак» сөзінен шыққан екен. Бұл жігіттердің музыкасы өзінің құпиялылығымен және күшті энергетикасымен ерекшеленеді. «Hassak» фольклорлы-этнографиялық ансамблі – тамыры тереңде жатқан кешегі ержүрек Түркінің ұранға басқан жауынгерлік сарыны мен дәстүрлі қазақ музыкасының бір арнада тоғысуынан туындаған жаңа заманның жаңғырығы. «Hassak» ансамблінің орындауындағы шығармалар көркемдік жағынан өте бай, ұлттық тәрбиеде орасан зор маңызы бар мәдени құндылық болып табылады. Қайта тіріліп келе жатқан асқақ рух һәм өр намыстың асқақ үні десек артық емес. Қазақ халқының ұлттық аспаптық музыкасын өзіндік бояуымен қазіргі заман тындарманының талғамына сай насихаттап, көне аспаптарын қайта жаңғыртуда өзіндік үлесін қосып келе жатыр. Өздерінің музыкасында қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, саз сырнай, жетіген және ұрмалы аспаптардан шыққан музыкалық үні бүкіл қазақ даласындағы сырлы үнді кейінгі ұрпаққа аманат еткендей сыр шертеді. (Мәмежан, 2020) Қазақ үнінің табиғатына тән музыкалық бояуды сезіне отырып, өз туындысына арқау етуі де бүгінгі жас хореографтардың шығармашылық негіздерін қалады.

«Серілер салтанаты» өзінің атауы айтып тұрғандай сюжетке құрылған фольклорлық дәстүрдің әсер-ықпалын жиі кездестіреміз. Жас балетмейстерлер А. Садыкова мен А. Шәмшиев осы қойылымы арқылы ұзақ дәуірлер ішінде туып, өсіп жетіліп келе жатқан қазақтың фольклорлық дүниелерін игеру арқылы ел әдебиетінің өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, ақыл-ойына, әдет-ғұрпына фольклор музыкасы арқылы барды. «Одним из главных направлений нашей академии наряду с классическим является казахский танец, – рассказала Анвара Садыкова. – Прекрасная музыка фольклорно-этнографических ансамблей вдохновила нас на оригинальные постановки, в ней есть глубина, читается национальный код. Музыканты смогли преподнести традиционную музыку современно и интересно, причем без аранжировок и искусственных звуков, а лишь игрой на народных инструментах» (Ященко, 2020).

3. Талқылануы

Би философиясы – ұлттық әуен, балетмейстер ойы қойылымның мазмұны, киім үлгісі арқылы көрініс табады. Суреттерге назар аударсақ, қойылым арқылы қазақ халқының ер азаматтарының киім киісі, жүріс-тұрысы арқылы ұлттық дәстүріміздің болмысын айқындап тұр. Ұлттық нақышқа бай әрленген саптама етіктері, белдеріндегі безенген белдіктері «Серілер салтанаты» биінің сәнін одан әрі ерекшелендіре түсті. Шеберлікке үндескен би үлгілері қазақ халқының қазынасы фольклордан тамыр тартып жатқанын байқаймыз. Фольклор – бізге дейін өмір сүрген адамдардың көмегімен ұрпақтан-ұрпаққа жеткен рухани аманаты. Құрамына халық музыкасы, биі, өлендері, әндері, театр, халық әдебиеті, қолөнері, халықтық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылар мен нанымдарды кіргізеді. Фольклор-халықтың қиялдауы, образдауы арқылы тарихи өмірімен тікелей байланысты туындайтын шығармашылық деп қарайтын болсақ, би өнерінің де бастауы тереңде жатыр. (Ізім, Қайыр, Күлбекова, 2021:122)

№1 сурет «Серілер салтанаты» Фото: Сергали Бакиров



Биде авторлар сал-сері образы арқылы қазақ биіндегі ерлер би қимылдарының бай, мазмұнды лексикасын көрсетуге тырысады. Балетмейстерлер биді қоюда зерттеу жұмыстарына сүйеніп, ізденіп, сал-серілер бейнесін қимылмен нақты әрі айшықты көрсетеді. Сал-серілер - кең байтақ қазақ жерінде ерекше құрметке ие болып, көшпелі қазақ қоғамында өзіндік орны болған өнер адамдары. Бір актердан құрылған театрдың өкілі. Сал-серілер театр өнерінің барлық саласын меңгерген, өздері ән айтатын, билейтін, әңгімені нақышына келтіріп баяндайтын, асқан шеберлікті талап ететін айлалы қимылдарды орындайтын жан-жақты талант иесі болған. Сал-серілер сымбатын, айбындылығын, сабаздығын би қимылдарымен бейнелейді. Қазақ қоғамында қыздарға тек қана сал-серілердің еркелеуге қолы жеткен. Сал-серілерді аттан түсірген қазақ қыздары оларды киіз үйге кіргізіп, қымызбен сыйлаған. Би қойылымында қазақ ауылына түскен сал-серілердің бір-бірімен жарысуы, қазақ биіндегі өзіндік философиялық мағынасы бар ерлер би қимылдарымен суреттеледі. Би қойылымында айла қимылдары, айтыс өнері, сал-серілерге деген қазақ қыздарының құрметі көрсетіледі. Жалпы, «сал» және «сері» сөзі екі түрлі адамды сипаттайды. Бірақ қойылымда екі бейне бірге бейнеленеді. Қойылым қазақ ауылына сал-серілердің келуін, тойды, аламан өнер жарысын әсем қимылдармен өрнектейді. «Сал» сөзі киімді салпаңдатып, кең киюден шыққан, сал, салпаң. Әрбір салдың шалбары сондай кең, оған бір кісі толығымен сыйып кететіндей болған. «Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, серпер, шалқыту, асқақтау. Серілер біріншіден, атақты мерген, екіншіден саятшы, сұңқармен, лашынмен, тұйғынмен қызық көруші, тұлпар аттың ең жүйрігін қадірлеп баптаушы» (Қорабай, 2017:216). Е. Тұрсынов Түркі тілінде «әскер», «қол» деген мағынасын білдіретін «черик» сөзімен түбірлес, «сері» сөзінің түпкі мазмұны «жасақ құрамындағы жауынгер», «жасақшы», «жорықтағы серік» (Турсунов, 1999:74) деген болжам жасайды. Сал, сері екеуі де өте ескі дәуірден сақталып келе жатқан халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізген, әдебиетке, ой-санаға көп әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Оны

осы күнгі сахнада мирас болған Біржан салдың бейнесі анық сипаттайды. (Марғұлан, 2009:2) Бүкіл қазақ даласына мәлім Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай сынды сал-серілердің бейнесі арқылы «сал» мен «сері» сөздерінің түпкі мағынасын ашып, түсіндіріп тұрғандай. Профессор Е. Ысмайлов: Сал мен серінің айырмасы ақындық, әншілік, өнерпаздық дәстүр жағынан айтарлықтай өзгешелігі жоқ, тек сыртқы түрінде яғни жүріс-тұрысында, киіну, сыпайылық әдетінде деп көрсетеді. «Сері» сөзі араб тіліндегі «сейір» немесе «серуен», «сайран салу» дегенінен туындады десе, «сал» ұғымын «салдырту», «салтанат» сөздерінен іздейді. (Ысмайлов, 1956:40) Осы орайда хореографиялық қойылымның «Серілер салтанаты» деп аталуының өзі бидің болмысын аша түскендей. Қалай десекте, сал-серілер әр уақытта жарқын жүзді, майталман, әзілқойлық пен сұлулықты қатар ұстап, бір жағынан сынағыш сын көзімен қарайтын, отырған маубас басшыларды сықақпен өлтіріп, игі адамдарға жарқын пейіл білдірген. Осыған орай халық сал-серілер туралы қызықты әңгімелер туғызып, шөл даланың сайын даласына таратқан.«Серілер салтанаты» өзінің атауы айтып тұрғандай сюжетке құрылған фольклорлық дәстүрдің әсер-ықпалын жиі кездестіреміз. Жас балетмейстерлер А. Садыкова мен А. Шәмшиев осы қойылымы арқылы ұзақ дәуірлер ішінде туып, өсіп жетіліп келе жатқан қазақтың фольклорлық дүниелерін игеру арқылы ел әдебиетінің өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, ақыл-ойына, әдет-ғұрпына фольклор музыкасы арқылы барады. Ұлттық музыкалық аспаптардың дәстүрлі сипаттарымен үндестіреді. «Одним из главных направлений нашей академии наряду с классическим является казахский танец, – рассказала Анвара Садыкова. – Прекрасная музыка фольклорно-этнографических ансамблей вдохновила нас на оригинальные постановки, в ней есть глубина, читается национальный код. Музыканты смогли преподнести традиционную музыку современно и интересно, причем без аранжировок и искусственных звуков, а лишь игрой на народных инструментах» (Яценков, 2020) Қазақ халқының рухани байланысы, мифологиясынан, діні, халық тарихы, адамдық мұраттарын жан-жақты мағлұматтар беру арқылы жеткізе білуімізде болса керек. Мысалы, жыр-дастандарда тұрмыс-салт жырларынан әдет-ғұрыпқа байланысты қыз ұзату, тойбастар т.б. оқиғалар қазақ халқымен, тұрмысымен сәйкес келетін сюжеттерді ұштастырамыз. Қазақ ертегілерінде кездесетін көкжал қасқыр, самұрық құс, айдаһар және зұлымдық иелерінің адамша сөйлеуі – ертегілік мотивтің көрінісі. Батылар жырындағы батырлардың достары, жары, тұлпар аты т.б. әңгіме ауыз әдебиетінің мотивтерімен үндесіп жатады. Сол сияқты, би қойылымында ұлттық бейнелерді дененің алуан түрлі қимыл-қозғалыстары, бет әлпет құбылулары (мимика) арқылы көрініс табады.

№2сурет Фото: Сергали Бакиров «Серілер салтанаты» би қойылымындағы қасқыр мен бүркіт бейнесі



Прекрасные сценические костюмы дополнили картину праздника казахской степи: искрящаяся россыпь талантов, импровизации и сочинительства сери и сал. И конечно, стремительного полета беркутов «Қырандар» – птицы, которая часто становилась героем казахского фольклора. К слову, о костюмах. В академии работает первая в Казахстане Лаборатория казахского танца под руководством заслуженной артистки РК, профессора Тойган Изим. – Мы, молодые преподаватели, получаем в этой лаборатории творческий опыт, изучаем исконные фольклорные элементы казахского танца без стилизации, узнаем, как происходит пластическая передача движений, характера и образов национального танца, – продолжила Анвара Садыкова. – Прежде чем приступить к постановке, изучаем историю героев, которых хотим воспроизвести в танце, их костюмы, эпоху, в которой они жили (Яценков, 2020). Осындай ізденістің арқасында өмірге ерекше ұлттық би қойылымы жарыққа шықты.

4. Нәтижелер

Дәстүр мен жаңашылдық турасында ой айтып жүрген ғалымдардың пікіріне назар аударсақ: «Әдебиет қоғам өмірінің айқын сәулесі десек, сол қоғам өмірінің қай саласында болмасын, дәстүр мен жаңашылдықты бірінен бірін бөліп қарауға болмайды, тіпті мүмкін емес», - дейді зерттеуші ғалым Ә. Нарымбетов (Нарымбетов, 1970:306). Жаңалық жақсы дәстүрдің жетіліп, дамуына жол салады, ол өзінен өзі жүзеге аспайды, оны тек талантты сол дәстүрді игерген өнерпаздар ғана жасайды. Жаңашылдық дәстүрлі поэзиядан сусындаған өнер иесінен көрінеді. Осы бағыттағы жаңаша кілт, жаңа шешім іздеу арқылы оның ерекшелігін көрсетеміз. Өнертану кандидаты, профессор Т.О. Изим: «Өнердің қандай да түрі болмасын дамуы жағынан алғанда фольклорлық, этнографиялық және халықтық өнер аясымен шектелуі мүмкін емес. Дәуір тынысына, өмір талабына ілесіп отыру, көрермен қауымның мәдени-эстетикалық талғамынан шығу өнер ұжымынан үлкен шығармашылық ізденістерді, көркемдік жинақылықты талап ететіні белгілі», - деп жазады (Изим,

2010:51). Фольклорлық мәліметтерге сүйене отырып, оны қайта өңдеп, ой елегінен өткізіп халықтық-сахналық билерде жаңаша көркем образдар жасады.

Қазақ ұлтының рухани әлеуеті мен мәдени деңгейін анық бағамдауға үлкен мүмкіндік беретін халықтық билер көп. Солардың бірі әрі бірегейі – «Серілер салтанаты» би қойылымы да қазақ халқының тағылымды тарихынан хабар беріп, ежелгі қазақ тұрмысының терең бояулы қырларын анық жеткізетін керемет қойылымның біріне жатады. Салдар мен серілер қазақ өнерін құрайтын актерлік, драмалық және цирк өнерінің бастауында тұр. Олар эксцентрик ақындар, яғни жан-жақты дарынды да шығармашыл жастарды, ұл-қыздарды, сан алуан дарын иелерін жинай білген адамдар еді. Салдар мен серілердің өзі көптеген жанрларда шебер болған: цирк өнерінде, балуандар өнерінде, шешендік және музыкалық орындаушылықта, ат үйрету өнерінде. Жыраулар мен ақындар шығармашылығына қарағанда салдар жарқын да көңілді театрландырылған іс-шараға, қызықты көрініске ие болды. Олар көптеген адамдардың назарын аударды. Оларды жарқын киімдер, әдеттен тыс және көңілді кимылдар мен жалынды билер біріктіреді. Ежелгі және орта ғасырларда нағыз қазақтың көшпелі театры болған. Нақты анықтама берсек, салдар мен серілер көшпелі театрдың халық әртістері. Олар ауылдарды аралап, көрнекті қойылымдар қойды. Сал-серілер жетекшілік ететін мұндай театрдың келуі ауылдар үшін нағыз салтанатты той болғандықтан, олар мұндай сапарға әрқашан алдын ала дайындалатын. Сал-серілер әдемі киінген, биік аттар мінген, бәрі көктемнің, махаббаттың, жастық пен салтанатты сұлулықтың тірі бейнесі болды. «Серілер салтанаты» би қойылымының мақсаты да осы әсемдікті, әдемілікті жеткізу болды.

5. Қорытынды

Қазақ халық биі – қоғамның көркемдік мәдениетінің бір қыры, сонымен қатар ол жас ұрпақтың этнокөркемдік санасына айналды. Қай халықтың болмасын қасиеті ана тілінде, дінінде, тарихында, мәдениеті мен өнерінде, салт-дәстүрінде. Олай болса осы құндылықтардың бірі өнер тілі – өткір тіл, шын мәніндегі халық өнерінде шекара, жатырқау деген болған емес. Халықтың рухани өмірінің бір бөлігіне айналған би өнері қоғамның саяси-әлеуметтік, діндік, философиялық, көркем-эстетикалық идеалы бола білді. Ол адамның қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Қазақ халқының дәстүрлі өнері әр дәуірде, әр уақытта қолданыста болған, өнер түрлері бір-бірімен тығыз байланыста дамыды. Би өнерінің өзіндік өмірі, көркемдігі, рухы бар. Сол рухы, көркемдігі арқылы ғасырлар бойы дамыған халықтың ішкі сарайы және ой санасы тереңдігі, сезім нәзіктігі болып табылады.

Біздің заманымызда қазақ билері жаңаша дамуға ие болып, ұлттық бірегейлік идеясымен сусындап, фольклорға қызығушылық танытып, осы ерекше шығармашылықты тамашалаушылардың қатарын толықтыруда. Міне, бүгінде қазақ халқының уақыт өткен сайын өзіне тән, жайдарлы, жеңіл де бұқаралық мәнерін, жалындатқан көңілділігі мен таңғажайып сүйкімділігін жоғалтпаған осынау халық өнерінің тамаша үлгілерін көруге болады. Қазақ биінің бояуы экспрессивтік құралдардың бүкіл жүйесі арқылы, әрқайсысының өзіндік шығу және даму тарихы барын және зерттелетін тақырып аясында бөлек қарастыруға лайық.

Әдебиеттер:

1. Беседовала Н.Г. (2019). О чем расскажет казахский танец (kazpravda.kz)
2. Бакиров С. (№1, №2, №3 суреттер алынды) Қазақ ұлттық хореография академиясының оқушылары мамандыққа қабылдау салтанаты өтті – Казахская национальная академия хореографии (balletacademy.edu.kz) <https://qazradio.fm/kz/news/13841/>
3. Исаев А. «Казахи снова танцуют, как медведи» 03 Апреля 2019 Казахи снова танцуют, как медведи | Главные новости Казахстана – Новостной портал «Экспресс К» (exk.kz)
4. Қорабай С. (2017) Қазақтың сал-серілері. Танымдық жинақ. – Алматы: Айғаным. – 216 б.
5. Мәмежан Қ. (2020) «Ұлы дала сазы», «Hassak», Этно-Фольклорлық Ансамблі... | Интересный контент в группе КЗ, Ұлы дала сазы, Музыка великой степи КЗ
6. Марғұлан Ә. Қазақтың сал,серілік дәстүрі. Қазақ. – №8-9. – 2009.
7. Нарымбетов, Ә. Дәуір және поэзия. Зерттеулер: – Алматы, Жазушы, 1970,-306
8. Сақтан Ендік (2019) «Қазақ неохореографиясы туралы: Дәстүрге жаңаша реңк беремін» - Анвара Садықова қазақ неохореографиясы туралы: Дәстүрге жаңаша реңк беремін (baribar.kz)
9. Тани А., & Жумасейтова, Г. НОВЫЕ СИМВОЛЫ И МОТИВЫ В БАЛЕТНОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ». *Keruen*, 77(4) 2022, 320–329. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-26>
10. Турсунов Е.Д. Возникновение баксы, акынов, сери и жырау. – Астана, 1999. – 74 б.
11. Халықов Қ.З. (2009) Қазіргі заман өнеріндегі адам болмысы. Монография. – Алматы, 2009. – 350 бет.
12. Шулембаева Р. «Высокое искусство танца» Балет и Опера Форум для обсуждения тем, связанных с балетом и оперой, 2020-03-13
13. Ізім Т.О. (2010) Мемлекеттік Алтынай би ансамблі. – Алматы: Өнер. – 160 б.
14. Ізім Т, Қайыр Ж, Күлбекова Ә. Қазақ халқының дәстүрлі би өнерінің болмысы. *Central Asian Journal of Art Studies* Volume 6.Issue 2.2021, 122 б.
15. Ысмайлов Е. Акындар. – А., 1956. – 40 б.
16. Ященко П. (2019) Балет и Опера: Просмотр темы - 2020-03 (balletfriends.ru)
17. Sputnik.kz сайтынан алынды «Астана балет» театры туралы мәлімет: құрылу тарихы, актерлік құрамы, қойылымдары /(sputnik.kz)

References:

1. Besedovala N.G (2019)What the kazakh dance tells about (kazpravda.kz) (in Russ)
2. Bakirov Sergali (Photos №1, №2, №3) – Kazakh National Academy of Choreography in Kaz
3. Halykov K.Z. (2009) Human nature in contemporary art. Monograph. – Almaty, 2009. – 350 c. (in Kaz)
4. Isaev Alan “Kazakhs are dancing like bears again“ 03 April 2019 Kazakhs dancing like bears again | Main news of Kazakhstan – News portal «Exspress K» (exk.kz) (in Russ)
5. Izim T.O. (2010) State Dance Ensemble «Altynai». – Almaty: «Oner». – 160 p. (in Kaz)
6. Izim T., Kaiyr Zh., Kulbekova A. «The essence of the traditional dance art of the Kazakh people» *Central Asian Journal of Art Studies* Volume 6.Issue 2.2021,122- p. (in Kaz)
7. Ismailov E. Poets. – A.,1956. – 40 p. (in Kaz)
8. Inoformation about «Astana ballet» theatre: creation history, cast, performances (sputnik.kz) Taken from Sputnik.kz website (in Kaz)
9. Korabay S. Sal-seri of Kazakh. Educational collection. – Almaty, Aiganym Publishing House. – 216 p. (in Kaz)
10. Margulan A. Kazakh traditions of sal, seri. Kazakh. – №8-9. – 2009 (in Kaz)
11. Mamazhan K. (2020) «Music of the Great Steppe» «Hassak» Ethno-folklore ensemble (in Kaz)
12. Narymbetov A. The era and poetry. Studies. – Almaty, Writer, 1970. – 306 (in Kaz)
13. Saktan E. (2019) “Kazakh neo-choreography: Giving a new tone to tradition». – Anvara Sadykova kazkah neo-choreography: giving new tone to tradition (in Kaz)
14. Shulembayeva R. «The High Art of Dance» Ballet and Opera Forum for the discussion of topics related to ballet and opera, 2020-03-13 Ballet and Opera: View topic - 2020-03 (balletfriends.ru) (in Russ)
15. Tani A., & Jumasseitova , G. (2022). NEW SYMBOLS AND MOTIVES IN BALLET INTERPRETATION «KOZY KORPESH – BAYAN SULU». *The Scientific Journal «Keruen», 77(4), 320–329.* <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-26> (in Russ)
16. Tursunov E.D. Emergence of baksy, akyn, seri and zhyrau. – Astana, 1999. – 74 p. (in Russ)
17. Yashenkov P. (2020) Ballet and Opera: view topic - 2020-03 (balletfriends.ru) (in Russ)